

ӘОЖ 82.09 (574)

ҒТАХР 17.07.41

DOI 10.56525/CNWX5441

Қ. ЖАРМАҒАНБЕТОВТИҢ «ӘНШІ АЗАМАТ» ПОВЕСІНДЕГІ ӘМІРЕ БЕЙНЕСІ: ҰЛТТЫҚ РУХ ПЕН ПРОЗАЛЫҚ ШЕБЕРЛІК КӨРІНІСІ

Каримсакова Б.А.

Есенов университеті Ақтау, Қазақстан

e-mail: baktigul.karimsakova@yu.edu.kz

Аңдатпа. Бұл мақалада Қайнекей Жармағанбетовтің «*Әнші азамат*» повесі әдеби-теориялық тұрғыдан жан-жақты талданып, оның жанрлық сипаты мен көркемдік ерекшеліктері айқындалады. Шығарма қазақтың атақты әншісі Әміре Қашаубаевтың өмірі мен өнер жолын бейнелеу арқылы ұлттық өнер тарихынан сыр шертіп, жазушыны прозашы ретінде жаңа белеске көтергені көрсетіледі. Повестің басты құндылығы – тарихи тұлғаның тағдырын көркемдік тұрғыдан бейнелеу арқылы ұлттық рухты жаңғыртуы. Автор Әміренің Париж сахнасындағы өнерін, оның халықтық ән дәстүрін әлемге паш еткенін суреттеу арқылы қазақ мәдениетінің биік деңгейін танытады.

Зерттеу барысында тарихи-әдеби, салыстырмалы және көркемдік-стилистикалық әдістер қолданылып, повестің эпикалық құрылымы, кейіпкер бейнесінің шынайылығы, тілдік-стилистикалық шеберлігі мен тарихи-мәдени маңызы сараланды. Сонымен қатар, шығармада ұлттық өнердің тағдыры, өнер адамының қоғамдағы орны, тарихи кезеңнің әлеуметтік-психологиялық сипаты көрініс тапқан. Жазушының баяндау мәнері, кейіпкерді даралау тәсілдері, көркемдік детальдарды қолдануы оның прозалық шеберлігін айқындайды.

«*Әнші азамат*» повесі қазақ әдебиетінде өмірбаяндық-публицистикалық прозаның көрнекті үлгісі ретінде бағаланып, ұлттық рухани мұраға қосқан үлесі дәлелденді. Бұл туынды тек әдебиеттану тұрғысынан ғана емес, мәдениеттану, өнертану және тарих ғылымдары үшін де маңызды дереккөз болып табылады.

Түйін сөздер: Қайнекей Жармағанбетов, Әміре Қашаубаев, қазақ әдебиеті, ұлттық өнер, повесть жанры, өмірбаяндық проза.

Кіріспе

Қайнекей Жармағанбетов қазақ әдебиеті тарихында баллада жанрын жетілдіріп, дамытып, орнықтыруға елеулі үлес қосты. Баллада – халықтық негізден бастау алған, әлем әдебиетінде кең тараған ерекше жанр. Оның алғашқы үлгілері ән мен би арқылы айтылатын халықтық шығармалардан туындап, кейін сыршыл толғау түріне ауысып, көркем әдебиеттің дербес жанрына айналды. Академик Зейнолла Қабдоловтың пікірінше: «Баллада өзінің ұзақ даму тарихында талай өзгерістерге ұшыраған: әуелде бір топ адам қол ұстасып би билеп жүріп айтатын ән түрінде көрінсе, кейін сыршыл толғау сипатында қалыптасқан. Бұл жанрдың классикалық үлгісі ретінде француз ақыны Франсуа Вийонның «*Бұрынғы өткен арулар*» атты балладасы аталады. Шығарманың ел намысын қорғаған батыр апаларды аңсауы мен армандауы балладаның сыршылдық, лирикалық сипатын айқын көрсетеді [1].

Баллада кейін әлем әдебиетіне кеңінен таралып, әр елде өзіндік ерекшеліктерімен дамыды. Англияда Роберт Бернс, Германияда Ахим Брентано, Ресейде Валерий Брюсов бұл жанрдың көрнекті өкілдері ретінде танылды. Әр халықтың әдеби дәстүрінде баллада өзіндік мазмұндық және көркемдік сипатқа ие болып, ұлттық рухты, тарихи тағдырды және адамгершілік құндылықтарды бейнелеудің маңызды формасына айналды.

Қазіргі әдебиеттануда баллада жанрына қатысты ғылыми зерттеулер де жүргізілуде. Мәселен, Осьмухина О.Ю. мен Пивкина Е.В. (2019) еңбегінде Мордовияның орыс поэзиясындағы баллада жанрының трансформациясы мен даму жолдары қарастырылып, жанрлық синтез, сюжет, образдар мен мотивтердің ерекшеліктері талданады [2]. Ал Кононова

А.А. (2024) XX ғасырдағы орыс музыка өнеріндегі баллада жанрының ерекшеліктерін зерттеп, оның тарихи контекстін және көркемдік қасиеттерін айқындайды [3].

Баллада жанры халықтық негізден бастау алып, әлем әдебиетінде кеңінен тараған, ал қазіргі ғылыми зерттеулер оның жанрлық трансформациясын, мәдени және тарихи ерекшеліктерін терең қарастыруда. Бұл еңбектер балладаның тек әдебиетте ғана емес, музыка өнерінде де маңызды орын алғанын дәлелдейді. Сонымен қатар, көп ұлтты кеңес әдебиетінде баллада дәстүрін Н. Тихонов жалғастырып, оның *«Шеге туралы балладасы»* қазіргі дәуірдегі классикалық үлгі ретінде бағаланды. Қазақ әдебиетінде бұл туындыны Қадыр Мырзалиев аударып, ұлттық оқырманға жеткізді [4].

Қайнекей Жармағанбетов қазақ әдебиетінде баллада жанрын дамытуға елеулі үлес қосқан ақын ретінде танылды. Ол балладаны ұлттық рухты, адамгершілік пен тарихи тағдырды бейнелеудің көркемдік формасы ретінде қалыптастырып, бірнеше жинақтар шығарды. Ақынның балладалары замана тынысын, қоғамдағы өзгерістерді, адам тағдырын терең суреттеуімен ерекшеленеді.

Қаламгер қазақ әдебиетінде прозалық жанрдың дамуына да өзіндік үлес қосты. Оның шығармашылық жолындағы жаңа өрлеу кезеңін ашқан туындысы – ұлттық өнер тарихынан сыр шертетін, қазақтың атақты әншісі Әміре Қашаубаевтың өмірін бейнелеген *«Әнші азамат»* повесі. Бұл шығармада жазушы тек бір тұлғаның тағдырын ғана емес, сол дәуірдегі қоғамның әлеуметтік құбылыстарын, халықтың рухани болмысын және өнердің ұлттық мәнін кеңінен суреттейді.

Жазушы қазақ әдебиетінде әрі баллада жанрын дамытқан, әрі прозалық шығармалар арқылы ұлттық өнер мен рухани құндылықтарды дәріптеген қаламгер ретінде әдебиет тарихында ерекше орын алады.

Материалдары мен зерттеу әдістері. Бұл зерттеу жұмысының негізгі материалы – Қайнекей Жармағанбетовтің *«Әнші азамат»*[5] повесі. Шығармада қазақтың атақты әншісі Әміре Қашаубаевтың өмірі мен өнер жолы бейнеленіп, ұлттық өнер тарихының маңызды кезеңдері көркемдік тұрғыдан суреттеледі. Сонымен қатар, зерттеу барысында қазақ әдебиетінің теориялық еңбектері, Зейнолла Қабдоловтың *«Әдебиет теориясы»* [1], Жарқын Шәкәрімовтің [6] зерттеу мақалалары, қазақ прозасының даму тарихына арналған ғылыми еңбектер қосымша дереккөз ретінде қарастырылды.

Зерттеу әдістері ретінде тарихи-әдеби талдау, салыстырмалы әдіс, көркемдік-стилистикалық талдау және жанрлық талдау қолданылды. Тарихи-әдеби әдіс арқылы повестің жазылған дәуірі мен әлеуметтік жағдайы ескерілді; салыстырмалы әдіс арқылы Әміре бейнесі басқа өнер адамдары туралы шығармалардағы бейнелермен салыстырылды; көркемдік-стилистикалық талдау жазушының тілдік ерекшеліктерін, фразеологизмдер мен бейнелі сөздерді қолдану тәсілдерін анықтауға бағытталды; жанрлық талдау повестің эпикалық сипатын, әңгіме мен романнан айырмашылығын көрсетуге мүмкіндік берді.

Зерттеу нәтижелері. Бұл зерттеу жұмысының нәтижесінде Қайнекей Жармағанбетовтің *«Әнші азамат»* повесінің қазақ әдебиетіндегі орны мен маңызы айқындалды. Повестің жанрлық сипаты орта көлемді эпикалық туынды ретінде бірнеше оқиғаны қамтып, кейіпкер өмірінің әр кезеңін кеңінен суреттеумен ерекшеленетіні анықталды. Әміре Қашаубаев бейнесі ұлттық өнердің мақтанышы ретінде шынайы әрі нанымды сомдалып, оның өнердегі жетістіктері мен қиындықтары көркемдік тұрғыдан бейнеленгені дәлелденді.

Повестің басты ерекшелігі – Әміре бейнесін бірінші қатарға шығара отырып, оның өнердегі дара жолын, қиын-қыстау кезеңдерін, шетел сахнасындағы жетістіктерін көркемдікпен жеткізуінде. Сонымен қатар шығарма қазақ әдебиетінде өмірбаяндық-публицистикалық прозаның жанрлық сипатын айқындап, ұлттық өнеріміздің тарихын тереңірек тануға мүмкіндік береді.

«Әнші азамат» повесі жөнінде алғаш пікір білдіргендердің бірі – көрнекті ақын, Қазақстанның халық жазушысы, мемлекеттік сыйлық иегері Ғафу Қайырбеков. Ол бұл шығарманы Жармағанбетовтың прозадағы ең ірі еңбегі деп бағалап, оның жазылу тәсіліндегі

нақтылықты, оқиға жүйесінің жинақылығын, композицияның тұтастығын, суреттердің айқындығын, характерлердің ашылу заңдылығын және тіл кестесінің көркемдігін ерекше атап өтеді [7, 6 б.].

Қазақ әдебиетінің ақсақалдарының бірі Сағынғали Сейітов те осы пікірді толықтыра түседі. Ол Қайнекейдің елуінші жылдардың басында прозада қаламын сынап көргенін, «Әнші азамат» (1951) повесінің осы ізденістің нәтижесі екенін айтады. Жазушының өз қолтаңбасымен берген кітабында «Прозаға кетемін деген талаптың белгісі. Байқашы. Сен қалай қарайсың» деген сөзі оның жаңа жанрға қадам басқанын дәлелдейді. Сейітовтің пайымдауынша, Әміре Қашаубаев жайында жазылған бұл тұңғыш шығармада шындық болмысты суреттеу, кейіпкерлердің мінезін ашу, адам бейнесін мүсіндеу сияқты көркемдік табыстар айқын көрінеді» [8, 212 б.].

«Әнші азамат» повесі көлемі жағынан шағын, жинақы туынды. Ол ұлттық рухани байлығымыздың бір саласы – ән өнерінің кәсіби шеберіне қара сөзбен қойылған мәңгі ескерткіш іспетті. Шығармада Таракты руының өкілі, болыс Хасеннің жылқысын алты жыл баққан Қашаубайдың төзімі таусылып, шыдамы шегіне жеткен сәт суреттеледі. Таңат тауының етегінен басталатын ұзақ жол үстінде оның қасында жары Тойған мен екі баласы – тоғыз жасар Бәтима және алты-жетіге аяқ басқан Әміре бірге жүреді. Повесть алғашқы сөйлемдерінен-ақ көркем тілдің күдіреті, бейнелі сөздер мен орнықты теңеулері арқылы оқырманды елең еткізеді. «Арық торы оқта-текте пысқырып қойып, ағаш арбаны тырмыса тартқанда, омырауын ақ көбік жауып, қансыған доңғалақтардың айқайға бергісіз сықыры тарамыс торымен жанжалдасқандай әсер береді. Арба үстіндегі екі бала кенеп сулықты төбелеріне қалқан етіп ұстап, сиса көйлектің шолақ жеңімен маңдай терін сүртіп, мұрындарын кезек тартып қояды» [5, 15 б.]. Жол үстіндегі арық торының жүрісі мен арба сықыры жазушының сөз шеберлігі арқылы шынайы, дәл бейнеленген. Артық сөйлемдер жоқ, әрбір деталь өз орнында. Сапардағы жандар арқылы қазақтың көне тұрмысының бір сәттік көрінісі көз алдымызға келеді. Арбадағы балалардың отырысы, қозғалысы, қимыл-әрекеттері табиғи сипатта суреттеліп, жалғандықтан аулақ. Оқиғаның сол күйінде берілуі адам кескінін әр қырынан ашып, бала қылықтарын байқап, аңғарғыштықпен жеткізгенін айқын сездіреді.

«Атшы баланың әндерін қора сыртында тыңдап тұрған екеудің бірі – Әлпейіс, екіншісі Бөрібай үйінің қонағы, атағы «Қорлан» әнімен шыққан ақын әрі әнші Естай болатын. Атшы баланың әуеніне таңғы бұлбұлдың жыры, ақ түтек боранның ызыңы, түнгі өзен толқынының судыры, айдын көлдегі аққудың үні араласқандай әсер береді» [5, 46 б.]. Бұл суреттеу жазушының басты кейіпкер жөніндегі толқынды толғанысы ретінде қабылданады. Естайдың Әмірені қонақ үйге шақыруы, «Қараторғай», «Қорлан», «Бурылтай» әндерінің сырлы саздары, Қоянды жәрмеңкесінде Қалибек, Қали, Мәдилермен дидарласуы, табиғи даусымен топ жарып тандандыруы – барлығы сөз күшімен көркем нақышқа айналған. Жазушы әсіресе Әміренің әнсіз өмірді мәнсіз деп есептегенін, әуен ырғағында күндіз-түні тербелгенін, алқалы топта асқан талантын танытқанын, үміт жетегіндегі кезеңдерін суреттеуде бар шеберлігін көрсетеді. «Әміренің бар сезімінің, терең ойларының құяр арнасы біреу. Құлағына естілген үндерден ұғылатыны бір ғана сөз – ол «ән». Көктемнің самал желі «ән» деп сыбдыр қағатын тәрізді, өзен үстінде қатар ұшқан қоңыр қаздардың қаңқылы да алыстағы ән болып естіледі» [5, 55 б.]. Әр сөз, әр сөйлем өз орнында, мазмұнды. Автордың бейнелеуінше Әміре әлемді әннен ғана тұрады деп қабылдайды: мұңды да, көңілді де ырғақтар оның өмірінің мәніне айналған. Жерде де, аспанда да әуен қалқып жүргенін жүрегімен сезінеді. Қоңыр қаздардың қаңқылының әнге ұқсатылуы – табылған теңеу. Табиғат пен адам тіршілігіндегі ұқсастықтарды танып, көркемдікке жеткізу – бейнелі айтудың белгісі.

Жазушы үшін оқырман лебізі әрқашан маңызды. Алайда шығармашылыққа лайықты бағаны ең алдымен қаламдас тар бере алады. Серік Қирабаев «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған «Туған әдебиеттің еңбек торысы» атты мақаласында Қайнекей Жармағанбетовтың «Әнші азамат» (1951) повесіне тоқталып: «Бұл шығарма кезінде жақсы бағаланған. Повесть атақты қазақ әншісі Әміре Қашаубаевтың өмірі мен еңбегіне арналған. Әміре 1925 жылы Парижде өткен дүниежүзілік этнографиялық концертте екінші бәйге алып,

сол сапарында Мұстафа Шоқаймен кездесіп, оның үйінде қонақ болған. Осы арқылы үкімет назарына ілігіп, кейін жұмыссыз, даңқсыз қайтыс болған Әміренің есімін қайта жаңғыртуға Қайнекей үлкен ерлік жасады. Повестің табысты қабылдануының сыры да осында» [9], – деп бағалайды.

Саясат та, заман да өзгереді. Хан, болыс, байлардың дәуірі аяқталды. Семей базарындағы атақты саудагер, Әміреге әлімжеттік көрсеткен Бәрібай дәулетінен айырылды. Ал рухани байлықты серік еткен кешегі атшы бала бүгін белгілі, талантты әншіге айналды. Париж сахнасында ән шырқады. Жұртшылық қолпаштауымен үш мәрте сахнаға шықты. Қазақ әншісінің қос шекті домбыраны бабына келтіре тартып, қоңыр дауысын үндестіре қосуы шетелдіктерді тәнті етті. Әміреге, қазақ өнеріне деген сүйіспеншілік пен ризашылық шексіз болды. Қайнекей Жармағанбетов дүниежүзілік этнографиялық концерт барысын, Әміренің ән салған сәтін, оған көрсетілген ықылас пен ілтипатты көркем суреттеп бере алды.

«Сахна төрінен төгілген арынды әннің серпінді екпіні ауыр люстраларды шайқап, партердің алдыңғы қатарында отырғандардың маңдай шашын желпіп, ярустарды тербеткендей. Париж театрының ішінде өмір өгейлігіне ызаланып, жүрек шерін ақтарған дала қазағының сезім тілі әркімге түсінікті еді. «Ағаш аяқ» тыңдаушының әрқайсысын өз арманының өрісіне шығарып тастады» [10, 94 б.].

Осындай сырлы суреттеуден кейін талантты жанды көрген де, көрмеген де арманда қалғандай. Әсерлі сәтте қасында болмағанына өкінгендер де табылар. Автор Әміре әнін самал желге теңеп, оның әсерінен люстралар шайқалып, маңдай шаш қозғалып, ярустар тербелді деп бейнелеуі асыра мақтау емес. Бұл – оқырманды сахна тынысымен таныстыру және кейіпкердің ән айтқан мезгілдегі тұлғасын табиғи қалпында көрсету.

«Ән біткенде залдағы жұрт есеңгіреп қалғандай еді. Сахнаға, сахнаға деген дауыстар естіліп жатты. Театрдағы думан бәсеңдемеді. Он бес минуттық үзіліс жарияланды. Тыңдаушылар да, ұйымдастырушылар да аң-таң. Жан дүниесінде жұмбағы мол қазақ әншісіне бәрі де разы болды. Повесть авторының сөзімен айтсақ: «Төрешілер тобы біріне-бірі таңдана қарасып, алдарындағы тізімге үңілді. «Әміре Қашаубаев» деген жазудың тұсына көпшілігі 5, бірсыпырасы 4 деген баға қойды. Тек ағылшын тілінде күнкілдескен екеудің бірі «құр айқай» деп жазды, екіншісі «сиқыры бар» деп белгі қойды. Бұл таңдау емес, іш мерездік пен күншілдіктің белгісі болатын» [5, 94 б.].

Талант тас жарады. Төрешілер ақылдасып, келісіп, әділ шешімге тоқтады. Әміре Қашаубаев дүниежүзілік өнерпаздар жарысында жүлделі екінші орынды иеленіп, төсіне алтын жалатқан күміс медаль тақты. Париждің радиосы мен телеграфы «Әміре Қашаубаев», «Бурылтай», «Ағаш аяқ» деген қазақ сөздерін еш өзгеріссіз сан тілге аударып, әлемге таратып жатты.

Әміре бұрын-соңды болмаған, кейде түсініп, кейде түсінбейтін ғажайып сезім құшағында еді. Мәскеуде әйгілі музыка зерттеушісі Александр Викторович Затаевичпен жүздесу, Парижді тамашалау, Эйфель мұнарасын көру, концерттегі жеңіс, шетелдіктердің қазақ әніне шексіз ықыласы, француз қайраткерлерімен қауышу – бәрі де ұмытылмас әсер қалдырды.

Париждегі қонақ үйде жеке бөлмеге орналасуы, бір тілмаш орыс әйелі мен екі французбен жүздесуі оқырманға ерекше рухани әсер береді. Әңгіме ұзаққа созылмаса да нақтылығы, нанымдылығы, табиғилығымен танымдық сипатқа ие. Жазушы Әміре мен меймандар арасындағы сұрақ-жауапты өңін бұзбай, табиғи қалпында жеткізеді.

Жазушы әнші Әміре мен меймандар арасындағы сұрақ-жауапты өңін бұзбай, табиғи қалпында жеткізеді.

– Әнші, таңдануың орынды. Мен – жазушы Ромен Роллан, – деп орта бойлы, бурыл шашты, қаусырма жақты қараторы кісі өзін таныстырып, қолын қайта ұсынды. – Ал мен – мына кітаптың авторымын, – деп сұңғақ бойлы, арық қара кісі стол үстіндегі кітапты нұсқады. – Анри Барбюс сіз боласыз ғой, – деп Әміре оның да қолын алып амандасты. Әміре енді өзін таныстырмақ болып «мен...» дей бергенде: – Сіз Әміре Қашаубаев, қазақтың тамаша әншісісіз, – деп үшеуі жарыса жауап қатты.

Әміре тілмаш әйелге күлімдей қарап: – Сізбен танысу артық болмас, – деді. – Мен сіздің жерлесіңіз әрі мына кісінің жұбайымын, – деп әйел Ролланға қарады. – Я, Қашаубаев мырза, жезденізді тапқаныңызға қынжылмайтын шығарсыз, – деп Роллан күліп жіберді [5, 96 б.].

Басы артық сөз жоқ. Бәрі табиғи, қарапайым, нанымды. Жазушы қонақ үй бөлмесінде бірге отырғандай немесе сұхбатты ұнтаспаға жазып алғандай әсер қалдырады.

Әміре қонақтардың тілегін жерге тастамай, «Ағаш аяқтан» бастап бірнеше қазақ әнін әуелете шырқайды. Оның дауысы өзге бөлмелерге жетіп, біраз адам жиналады. Барбюс әншінің әңгімесін, ал Роллан әнін жазып алып отырады. Шетел түгіл, өз елінде де сирек кездесетін, қанды қозғап, жанды жадырататын, жаңалығы жалаулап тұрған оқиғаны автор қуана суреттейді. Әңгіме барысында ұтымды, тағылымды тұстарды оқырманға жеткізуді де ұмытпайды.

– Қазақ әніне еріп кетер едім, әттең... – дейді Ромен Роллан. – Келіңіздер, жеріміз кең, еліміз бай. Жақсы пейілді қонақты жатсынбайтын салтымыз бар, – деп Әміре жазушының арманын өз жүрегінің мақтанышымен қарсы алады.

Повестің аяқталуы – тұтас лирика. Керемет сезімге толы кеудеден лықсып шыққан шынайы сөздер тізбегі оқырманды баурайды:

Жазушы Қайнекей Жармағанбетов «Әнші азамат» повесін осылай түйіндейді. Кейіпкер өмірінің әр кезеңі кеңірек суреттеліп, Әміре мен өзге бейнелердің ішкі реніштері, күйініштері, үміттері, қазақы әуенге қатысты толғаныстары жанрлық сипатты тереңірек ашуға ықпал еткен.

Шығарманың құндылығы – ұлттық өнеріміздің мақтанышы, атақты әнші жайлы терең тебіренісінде. Бұл туынды дүниеден өткен жазушының екінші ғұмырына, мағыналы мұрасына айналған. Әмірені тыңдаушы қол шапалағымен, ал қаламгер қуатты сөзімен қолпаштады.

Қашаубаевтың үн таспаға жазылып, шетелде сақталған қоңыр дауысы кейінгі жылдары зерттеуші Жарқын Шәкәрімовтің ізденісімен халқымен қайта қауышты. Оның ашық, ғажап үні – табиғи талантты жан өмірінің жалғасы әрі халқымыздың рухани зор байлығы.

Академик жазушы Зейнолла Қабдоловтың пікірінше «Жалпы әдеби шығарма жазуға рецепт берілмейтіні секілді, повесть жазуда да штамп болмайды. Әрбір нұсқалы повесть өмірге тек қана өз өзгешелігімен келеді. Осыны еске ала парактасақ, орта көлемді эпикалық түрдің үлгісі болып табылатын повестің жұрт таныған кейбір жанрлық сипаты – мұнда шағын эпостағыдай бір емес, бірнеше оқиға, адам өмірінің бір, не бірер эпизоды ғана емес, біралуан кезеңді құбылыстары кеңірек біраз дамытыла суреттеледі» [1, 310 б.].

«Әнші азамат» – қойылатын талғам мен талапқа, жанрлық сипатына толық жауап бере алатын шығарма. Туындыда әнші бейнесі бірінші жоспарға қойылып, оның тұлғасымен қатарлас қоғамдағы құбылыстар, бай мен кедей арасындағы айырмашылықтар, қазақтың ұлттық рухани әлемдегі өсу жолдары кеңінен қамтылған. Егеменді Қазақстанның талай өнер жұлдыздары бүгінде шетелге сапар шегіп жүрсе, ең алғаш шетел сахнасының шымылдығын ашып, даңғыл жол салған – Әміре Қашаубаев. Повесте оның өмірбаяндық деректері, шыққан тегі, қиын-қыстау кезеңдері, соқпақты жолдары, әлемді таңдандырған өнердегі жетістіктері бейнелі әрі байыпты баяндалып, шығарманың ғұмыры ұзақ боларына күмән қалдырмайды.

Қазақ әдебиеті ешқашан поэзиялық та, прозалық та туындыларға зәру болған емес. Идеялық бағыты айқын, көркемдігі көзге ұрып тұратын, тіл мен мазмұнға бай шығармалар әр дәуірдің мәуелі жемісіне айналды. Әсіресе, Қайнекей Жармағанбетовтің қаламдас әріптестері кесек-кесек туындыларды көптеп ұсынып, рухани қазынамызды кемелдендіріп, байыта түсті. Алты алашқа танылған талантты топтың есімдері халық жадында сақталды.

Қорытынды

Қайнекей Жармағанбетовтің «Әнші азамат» повесіне жүргізілген зерттеу нәтижесінде шығарманың қазақ әдебиетіндегі орны мен маңызы айқындалды. Повесть ұлттық өнер тарихынан сыр шертіп, қазақтың атақты әншісі Әміре Қашаубаевтың өмірін көркемдікпен бейнелеу арқылы жазушыны прозашы ретінде танытқан әрі оның шығармашылық жолындағы жаңа белес болған туынды екендігі дәлелденді. Шығарманың жанрлық сипаты орта көлемді эпикалық үлгі ретінде бірнеше оқиғаны қамтып, кейіпкердің өмір жолын кеңінен суреттеумен

ерекшеленеді. Әміре бейнесі ұлттық өнердің мақтанышы ретінде шынайы сомдалып, оның өнердегі жетістіктері мен қиындықтары көркемдік тұрғыдан әсерлі жеткізілген.

Зерттеу барысында повестің тарихи-мәдени маңызы да айқындалды: ол қазақ өнерінің әлемдік деңгейге көтерілгенін көрсетіп, ұлттық рухани мұраны дәріптеуде маңызды рөл атқарды. Жазушының тілдік-стистикалық шеберлігі, бейнелі сөздер мен фразеологизмдерді қолдануы шығарманың көркемдік қуатын күшейтті.

Қ. Жармағанбетовтің «Әнші азамат» повесі – қазақ әдебиетінің көркемдік қазынасын байытқан, ұлттық өнерді әлемге танытқан және жазушының шығармашылық мұрасын жаңа биікке көтерген құнды туынды болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қабдолов З. *Әдебиет теориясы*. – Алматы: Санат, 1992.
2. Osmukhina, O. Yu., & Pivkina, E. V. (2019). Features of transformation and ways of the ballad genre's development in Russian poetry of Mordovia. *Vestnik Yugrovedeniya = Bulletin of Ugric Studies*, 9(2), 248–259. <https://doi.org/10.30624/2220-4156-2019-9-2-248-259>
3. Kononova, A. A. (2024). Specificity of the ballad genre in Russian musical creativity of the XX century: Defining properties and historical context. *GRAMOTA Publishing*. Retrieved from <https://www.gramota.net/en/article/pa20240019/fulltext>
4. Тихонов, Н. *Баллада о гвозде*. – Мәскеу: Советский писатель. 1950. (Қазақшаға аударған Қадыр Мырзалиев).
5. Жармағанбетов Қ. *Әнші азамат*. – Алматы: Жазушы, 1967.
6. Шәкәрімов Ж. *Әміре Қашаубаев және қазақ өнері*. – Алматы: Өнер, 2005.
7. Қайырбеков, Ф. *Қанатты жылдар*. – Алматы: Жазушы. 1973.
8. Сейітов, С. *Әдебиет және өмір*. – Алматы: Жазушы. 1974. – 212 б.
9. Қирабаев, С. (2001, 15 қыркүйек). *Туған әдебиеттің еңбек торысы*. Егемен Қазақстан. – Алматы.
10. Қайырбеков, Ф. *Әміре*. – Алматы: Жазушы. 1980. – 94 б.

REFERENCES

1. Qabdolov Z. *Әдебиет теориясы*. – Almaty: Sanat, 1992.
2. Osmukhina, O. Yu., & Pivkina, E. V. (2019). Features of transformation and ways of the ballad genre's development in Russian poetry of Mordovia. *Vestnik Yugrovedeniya = Bulletin of Ugric Studies*, 9(2), 248–259. <https://doi.org/10.30624/2220-4156-2019-9-2-248-259>
3. Kononova, A. A. (2024). Specificity of the ballad genre in Russian musical creativity of the XX century: Defining properties and historical context. *GRAMOTA Publishing*. Retrieved from <https://www.gramota.net/en/article/pa20240019/fulltext>
4. Tihonov, N. *Ballada o гвозde*. – Mәskeu: Sovetskij pisatel'. 1950. (Қазақшаға аударған Қадыр Мырзалиев).
5. Zharmaganbetov Q. *Әnshi azamat*. – Almaty: Zhazushy, 1967.
6. Shәkәrimov Zh. *Әmire Qashaubaev zhәne qazaq әneri*. – Almaty: Әner, 2005.
7. Qajyrbekov, F. *Qanatty zhyldar*. – Almaty: Zhazushy. 1973.
8. Sejitov, S. *Әdebiет zhәne әmir*. – Almaty: Zhazushy. 1974. – 212 b.
9. Qirabaev, S. (2001, 15 qyrkүйek). *Tuған әdebiеттің еңбек torysy*. Egeмен Қазақстан. – Almaty.
10. Qajyrbekov, F. *Әmire*. – Almaty: Zhazushy. 1980. – 94 b.

ОБРАЗ АМРЕ В ПОВЕСТИ К. ЖАРМАГАНБЕТОВА «ЭНШИ АЗАМАТ»: ПРОЯВЛЕНИЕ НАЦИОНАЛЬНОГО ДУХА И ПРОЗАИЧЕСКОГО МАСТЕРСТВА

Каримсакова Б.А.

Университет Есенова, Актау, Казахстан
e-mail: baktigul.karimsakova@yu.edu.kz

Аннотация. В данной статье всесторонне анализируется повесть Кайнекей Жармаганбетова «*Әнші азамат*» с литературно-теоретической точки зрения, выявляются её жанровые особенности и художественные черты. Произведение, посвящённое жизни и творчеству известного казахского певца Амре Кашаубаева, раскрывает страницы национальной истории искусства и демонстрирует новый этап в становлении автора как прозаика. Основная ценность повести заключается в художественном осмыслении судьбы исторической личности, что позволяет возродить национальный дух. Автор, описывая выступление Амре на парижской сцене и его вклад в популяризацию народной песенной традиции, показывает высокий уровень казахской культуры.

В исследовании применяются историко-литературный, сравнительный и художественно-стилистический методы анализа, что позволяет определить эпическую структуру произведения, достоверность образа героя, языковое мастерство и культурно-историческое значение. Кроме того, в повести отражены судьба национального искусства, место деятеля культуры в обществе, социально-психологические особенности исторического периода. Манера повествования, способы индивидуализации персонажа и использование художественных деталей подчёркивают мастерство автора.

«*Әнші азамат*» оценивается как яркий образец биографико-публицистической прозы в казахской литературе, внесший значительный вклад в национальное духовное наследие. Произведение представляет интерес не только для литературоведения, но и для культурологии, искусствоведения и исторической науки.

Ключевые слова: Кайнекей Жармаганбетов, Амре Кашаубаев, казахская литература, национальное искусство, жанр повести, биографическая проза.

IMAGE OF THE SPEAKER IN THE STORY OF K. ZHARMAGANBETOVA "SINGER AZAMAT": PRESENTATION OF THE NATIONAL SPIRIT AND PROSE MASTERY

Karimsakova B.

Yessenov University, Aktau, Kazakhstan
e-mail: baktigul.karimsakova@yu.edu.kz

Abstract. This article provides a comprehensive literary-theoretical analysis of Kainekei Zharmaganbetov's novella "*Änshi azamat*", highlighting its genre-specific features and artistic qualities. The work, dedicated to the life and creative path of the renowned Kazakh singer Ämire Qashaubaev, reveals pages of national art history and marks a new stage in the author's development as a prose writer. The main value of the novella lies in its artistic interpretation of a historical figure's destiny, which revives the national spirit. By depicting Ämire's performance on the Paris stage and his role in presenting Kazakh folk song traditions to the world, the author demonstrates the high level of Kazakh culture.

The study employs historical-literary, comparative, and stylistic methods to examine the epic structure of the novella, the authenticity of character portrayal, linguistic mastery, and its cultural-historical significance. Furthermore, the work reflects the fate of national art, the role of the artist in society, and the socio-psychological features of the historical era. The narrative style, techniques of character individualization, and use of artistic details emphasize the author's prose mastery.

“*Änshi azamat*” is evaluated as a notable example of biographical-publicistic prose in Kazakh literature, contributing significantly to the national spiritual heritage. The novella is of importance not only for literary studies but also for cultural studies, art history, and historical research.

Keywords: Kainekey Zharmaganbetov, Ämire Qashaubaev, Kazakh literature, national art, novella genre, biographical prose.